## تقرير علمي

عن بحث الدكتوراه؛ الذي عنوانه:

**مكانة المدرسة الماتريدية في المعتقدات الدينية التقليدية لدى الشعب القازاقي**

**(في ضوء المصادر الكتابية للقرنين ١٩–٢٠).**

**اسم الباحث شاكي زاده صيرم. المسجل في** الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك

قسم الدراسات الإسلامية: 6D021500

لقد جاء البحث في مقدمة وثلاثة فصول وخاتمة وقائمة فهارس وملحقات. عالج الباحث في رسالته مكانة المدرسة الماتريدية في المعتقدات الدينية التقليدية لدى الشعب القازاقي كما عرضها الكتاب والعلماء والأدباء الكازاخ في القرنين التاسع عشر والعشرين وتحديدا: أباي، وشاكاريم، وابراي، ومشهور يوسف، وعمر القراشي.

**ذكر الباحث** آثار **المدرسة الماتريدية على هؤلاء الكتاب في أثناء تقريرهم لمسائل: وجود الله تعالى ومفهوم التوحيد،** وتنزيه الله تعالى عن كونه عرضا أو جوهرا أو جسما، وتنزيهه تعالى عن مشابهة المخلوقين، وفي أثناء شرحهم لصفات الله الثبوتية؛ وذلك عند المواجهة الهادئة من هؤلاء الكتاب للمعتقدات الدينية التقليدية القديمة. كما عرّفنا الباحث بآثار المدرسة الماتريدية على هؤلاء الكتاب عند تقريرهم لمسائل **السمعيات (اليوم الآخر، البعث، الجنة، النار، أحداث يوم القيامة)؛ وذلك مقارنة** بالمعتقدات الدينية التقليدية القديمة لدى القازاق، وعرفنا بأساليبهم الهادئة في التصحيح والإصلاح. وناقش الباحث في الإطار ذاته؛ قضايا: التوسل في الدعاء ومفهوم الروح ومكانتها والموقف من التبرك بأرواح الآباء. كما عرض لجهود هؤلاء الكتاب في دعم الفهم الصحيح للإسلام مما يسهم في مواجهة التطرف الفكري في جانبي: الغلو في التكفير؛ أو التحلل من الدين؛ وذلك في أثناء بحثه لشروط الإيمان وحقيقته. مما يسهم في الحفاظ على التراث الروحي والوطني للدولة.

مما انتهى إليه الباحث أن هؤلاء الكتاب كانوا عالمين بالعقيدة الماتريدية ومصادرها بشكل وثيق، يجيدون فهمها وعرضها وتوجيه الشعب من خلالها، وجعلها قوة روحية تعليمية تصحح الأفكار والرؤى بهدوء دون صدام، ونجحوا في أن يكون الدين عامل وحدة للمجتمع لا عامل تفكيك وتشرذم وفوضى.

ذكر الباحث الدراسات السابقة وأفاد منها، وعالج فصول دراسته بمنهجية علمية واضحة، واعتمد على المصادر الأصلية ذات الصلة الوثيقة، وأجاد في توظيف النصوص المقتبسة، وكان لديه قدرة على فهمها ووضعها في إطارها الصحيح. ومما وصل إليه الباحث أن بعض ما نشر من نتاج الكتاب الأربعة يحتاج إلى إعادة نظر وتصويب. وفي النهاية أقول: إن **الرسالة إضافة علمية في موضوعها، تقدم خدمة جيدة للبحث العلمي، وتنم عن باحث طموح قادر على فهم الأفكار وعرضها ومناقشتها؛ لذا أوصي بقبولها. مع الدعاء بالتوفيق للباحث.**

**أد. رضا محمد حسين الدقيقي**

**أستاذ العقيدة والفلسفة المشارك بكلية أصول الدين جامعة الأزهر بطنطا**

٢٠٢٥/٣/١٩

1

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті Исламтану кафедрасы (6D021500) докторанты **Шәкизада Сырымның «Қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызы (XIX-XX ғғ. жазба деректер негізінде)»** докторлық диссертациясына жазылған

## ПІКІР

Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан тұрады. Зерттеуші диссертациясында XIX-XX ғасырлардағы, нақтырақ айтқанда Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ыбырай Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, Омар Қараш сынды жазушы, әдебиет саласының майталман ғұламаларының пайымдағанындай қазақ халқының дәстүрлі діни танымындағы матуриди сенім мектебінің орны мен маңызын баяндаған.

Диссертант аталған тұлғалардың сенім мәселелерін негіздеуде матуриди сенім мектебінің ықпалын түсіндірген. Атап айтқанда Алланың бар екендігін, таухид концепциясын, Алланың акциденция (күй), жауһар (атом), физикалық дене ұғымдарынан ада екендігін айқындап, сондай-ақ Жаратушы Алланың жаратылыстарға ұқсамайтындығын Аллаға тән субути (бекітілген, расталған) сипаттарды баяндау кезінде жеткізген. Осылайша қалам тербеген жазушылардың тұжырымдары арқылы дәстүрлі діни таным анықталған. Бұған қоса диссертант жоғарыдағы жазушылардың эсхатологиялық тақырыптарды, яғни ақырет күні, қайта тірілу, жаннат, тозақ және қиямет күні орын алатын жағдайларды дәйектеуде матуриди мектебінің әсерін нақтылаған. Осы бағытта қазақ халқының дәстүрлі діни сенімін дәйектеу мақсатында салыстырмалы талдау жұмыстары жасалған. Аталған ғасырларда өмір сүрген тұлғалардың жаңсақ пікірлерді түзетіп, алға қарай жетілдіретін реформалық ой-көзқарастарды ұсыну әдіс-тәсілдерін көрсете білген. Сонымен қатар зерттеуші дұға тілеген сәтте тауассул жасау, рух ұғымы мен оның мағынасы және табаррук пен ата-баба әруақтарын дәнекер етіп жалбарыну мәселелерін қозғаған. Исламды дұрыс түсіну жолында аталған кезеңдегі ойшыл ақын жазушылардың еңбектерін келтіріп, олардың деструктивті идеологияға, яғни өзгені күпірлікпен айыптауда шектен шыққан радикалды ұстанымға немесе діннің талаптарына бейжай қарап, селқостық танытатындарға қарсы тұра алатындығын көрсеткен. Мұны біз иманның шарттары мен оның мәні мен ақиқаты жайында талдаған кезде байқаймыз. Өз кезегінде бұл талдаулар елдің ұлттық әрі рухани құндылықтарын, мұрасын сақтауға үлес қосады.

Диссертант аталған кезенде қалам тербеген тұлғалардың матуриди сенім мектебі мен оның негіздерін, дереккөздерін жетік білгенін растап, қорытындылаған. Матуридилік ілімді қатесіз түсініп, оны қазақ халқына ұғынықты түрде ұсына білгенін растаған. Сол кезеңнің өкілдері ешбір

қақтығыс пен жанжалға жол бермей, жалаң ойлар мен көзқарастарды түзететін рухани үлгі аларлық негіз ретінде қарастырған. Олар дінді деконструкциялау, ыдырату, анархия бейнесінде емес, қоғамның игілігіне жұмыс жасап, біріктіру рөліндегі жүйе екендігін көрсете білген.

Диссертант осы тақырып аясында жазылған зерттеулерге шолу жасап, оларды дереккөз ретінде пайдаланған. Тараулардағы мәселелерді анық ғылыми әдістерге сүйене отыра шешімін ұсынып, осыған тікелей байланысты түпнұсқа еңбектерді басшылыққа алған. Дәйексөз алынатын мәтіндерді орнымен қолданып, оны түсініп және ұсыну тұрғысынан қатесіз, дұрыс мағынасында түсіндіре алатын әлеуеті де жеткілікті екенін көрсеткен. Зерттеуші жоғарыда аталып өткен төрт тұлғаның кейбір жарық көрген туындылары қайта қарауды, түзетуді қажет ететін тұстары бар деген шешімге келген.

Қорытындылай келе, **расында бұл диссертациялық жұмыс тақырыптың осы бағытына қосылған ғылыми үлес саналады. Диссертант ғылыми зерттеуде бар күш-жігерін жұмсаған. Көзқарастар мен тұжырымдарды түсініп, оны жеткізіп ұсына алатын әрі талдауға қабілетті зерттеуші екені көрінеді. Сондықтан диссертанттың бұл зерттеу жұмысына сәттілік тілей отыра, қорғауға қабылдауды ұсынамын.**

**Доктор, профессор Рида Мұхаммед Хусайн Дақиқи**
**Танта қаласындағы әл-Азһар университеті, Усул әд-дин факультетінде ақида және философия бойынша профессор**

**Қолы, мөр**
**19/03/2025**

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Төртінші сәуір екі мың жиырма бесінші жыл.

Аудармашы Ибрашова Айгерим Берикбаевна, ИИН 850822403402, жоғарыдағы құжаттың араб тілінен қазақ тіліне мәтін-аудармасының нақтылығын және түпнұсқаның мазмұнына сәйкестігін растайды.

Қолы:

Подпись: 

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Төртінші сәуір екі мың жиырма бесінші жыл

Мен, Сарсембаева Сауле Есетовна, 2014 жылдың 30 желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен берілген № 14020881 мемлекеттік лицензиянын негізінде әрекет етуші, Алматы қаласының нотариусы, азаматша Ибрашова Айгерим Берикбаевнің қолтаңбасының түпнұсқалығын куәландырамын. Кол қойған адамның жеке басы анықталды, оның әрекет қабілеттілігі тексерілді.

№ 988 тізілімде тіркелді
Нотариусқа төленген сома: «Нотариат туралы»
Заңнаманың 30-1 бабы

Нотариус:

ZZ80051632504041154З4M367038
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

4 БЕТТЕ
...ЕНГЕН ЖӘНЕ ТІГІЛГЕН
ПРОНУМЕРОВАНО И ПРОШНУРОВАНО
НА 4 СТРАНИЦАХ
НОТАРИУС